




Қазақстан
Республикасының
еңбек құқығы

- 
- Еңбек ету құқығы-жұмыс берушімен қызметкердің еңбек міндеті бойынша олардың арасындағы жеке еңбек шарты негізінде туындайтын қатынастарды реттейді.
 - Еңбек құқығы сонымен қатар еңбекақы, еңбек тәртібі жұмыс уақытын белгілеу еңбекті қорғау қатынастарын реттейді. Еңбек етуге құқылтылық ҚР –ның конституциясының 24 бабында жарияланды.
 - Еңбек етуге бостандық құқығы әрбір адамның өзінің қызмет пен мамандық түрін еркін тандай алатындығын білдіреді.




- 
- Қоғамдық еңбектің 2 түрі бар:
 - 1) дербес еңбек және жолдамалы еңбек
 - 2) қызметкерлердің жұмысты үйінде ,яғни үйге алып істейтін және маусымдық түрлері болады.

- 
- Жас азаматтар тандап алуға болатын мамандық түрлері көп .Бірақ осы мамандықтардың бәрін білімді және жоғары оқу орындарында оқуды талап етеді. «ҚР еңбек туралы заң » 1999 жылы 10 желтоқсанда қабылданып 2000 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді.

- Еңбек шарты қызметкермен жұмыс беруші арасында жазбаша түрінде жасалатын келісім.
- Жеке еңбек шартын жасау мерзімдері:
 - 1) белгісіз мерзімге уақыты көрсетілмейді.
 - 2) белгілі бір мерзімге 1 жылдан аспайтын.
 - 3) істелетін жұмыстың аз уақыт атқаралатына байланысты.
 - 4) жеке еңбек шарты 16 жасқа толған соң жасалады.
 - 5) жұмысқа олар кезде сынақ мерзімін белгілеу мүмкіндігі қарастырылады.



- 
- Өмірді сақтандыру – жеке басты сақтандырудың (өзіндік сақтандырудың) кіші саласы. Оның жіктелімдік белгісі – сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткенде, қайтыс болған жағдайда немесе сақтандыру шарты аяқталғанда сақтандырушы сақтандыру талаптарында белгіленген ақшалай соманы төлеуі.

- **Зейнетақы**– азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айрылғанда, арнаулы қызмет атқарған жылдары үшін, заңнамада көзделген басқа да реттерде берілетін тұрақты ақшалай төлемақы. Зейнетақы жинақтаушы зейнетақы қорлары есебінен төленеді. Қазақстан Республикасында зейнетақы тағайындау және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде және Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы” заңымен, басқа да заң актілерімен айқындалады.



- Қазақстан 1998 жылы 1 қаңтардан бастап зейнетақымен қамсыздандырудың бұрынғы ынтымақтық жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшті. Бұл орайда ынтымақтық жүйе де сақталды. Ұнтымақтық жүйе бұрынғы зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандырады және келешекте ынтымақтық жүйеде жұмыс стажын толық өткерген, бірақ жинақтаушы жүйеде зейнетақы алуға жеткілікті ақша жинауға мүмкіндігі болмаған адамдарды зейнетақымен қамсыздандырады.



- Жинақтаушы **зейнетақы** жүйесінде әрбір азамат өз табысынан зейнетақы жарнасын (еңбекақы түрінде төленуге тиіс табысының 10%-ын) аударып, өз зейнетақысын жеке өзі дербес жинайды. Сөйтіп, зейнетке шыққан кезде жинақталған ақша салымшыларға олардың жеке зейнетақы шоттарынан төленеді. Сонымен бірге аталған заңға сәйкес жұмыс істеушілер мен жұмыс берушілердің мемл. емес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударатын ерікті жарналарынан құралатын қосымша зейнетақы төлеу тәжірибесі де қалыптаса бастады.